

Су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу жөніндегі әдістемені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 545 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 ақпанда № 14827 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 116-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 09.06.2025 № 116-НҚ (10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 4-3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының

А. Мырзахметов

Ауыл шаруашылығы министрі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 26 қаңтар

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ Қ. Бозымбаев

2017 жылғы 19 қаңтар

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2016 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 545 бұйрығымен

бекітілген

Су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу жөніндегі әдістеме

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу жөніндегі әдістеме (бұдан әрі – әдістеме) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 37-бабы 1-тармағының 4-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және су пайдаланушылардың су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын (бұдан әрі – үлестік норма) әзірлеуі тәртібін айқындайды.

2. Үлестік нормаларды әзірлеу су алуды қысқартуға және сулардың зиянды әсерін төмендетуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы технологияларды игере отырып, суды кешенді және ұтымды пайдалану қағидатын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

2-бөлім. Су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу тәртібі

1-параграф. Үлестік нормаларды есептеудің жалпы ережелер

3. Нормалауға жатады:

1) сумен жабдықтау жүйесін және су сапасын ескере отырып, өнім бірлігін (орындалатын жұмыс көлемін) өндіру үшін қажетті жалпы су көлемін тұтыну, оның ішінде технологиялық және шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына, қосалқы өндіріске арналған қажеттілік;

2) өндірістен бұрылатын сарқынды сулардың, орын алатын ысыраптардың, өтеусіз су тұтыну және басқа тұтынушыларға берілген су мөлшері.

4. Үлестік нормалар берілген сападағы өндірілетін өнім (орындалған жұмыс) бірлігіне арналған текше метрлермен белгіленеді.

5. Өндірілетін өнімнің өлшем бірлігі ретінде сандық көрсеткіштер пайдаланылады.

6. Үлестік нормаларды әзірлеу мынадай бірізді өзара байланысқан іс-қимылдарды көздейді:

1) су тұтыну және сарқынды суларды жіберу талаптары, су шығысын айқындайтын факторлар және факторлардың әрқайсысының норма шамасына әсер ету дәрежесі, өндірісте орын алатын су ысыраптарының себептері қарастырылатын су шығысын, тасымалдаушы желілердегі, су тұтыну нүктелеріндегі су ысыраптарын есепке алуды ұйымдастыруға және су объектілерінен су алу көлемдерін қысқарту мүмкіндігіне жыл сайын талдау (бұдан әрі - талдау) жүргізу;

2) үлестік нормаларды есептеу.

7. Үлестік нормаларды есептеу мынадай бөлімдерден құралады:

1) жеке немесе заңды тұлғаның қызметі туралы жалпы мәліметтер, онда қызметтің бағыты, су пайдалану мақсаты, шығарылатын өнім көлемі, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің сипаттамасы, су өлшеу жүйелерінің немесе құрылғыларының сипаттамасы көрсетіледі;

2) су пайдалануды алғаш рет жүзеге асыруды жоспарлаушы жеке немесе заңды тұлғаларды қоспағанда, үлестік нормаларды есептеу жылының алдындағы бес жыл ішінде суды пайдалану туралы мәліметтерді, іске асырылған су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар туралы ақпаратты көрсете отырып, жүргізілген талдау барысында алынған қорытындылар;

3) үлестік нормаларды есептеу алгоритмін қамтитын әдістемелік бөлім;

4) үлестік нормаларды есептеу нәтижелері:

осы әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптің түрлі салалары үшін өнім бірлігіне су тұтынудың үлестік нормалары;

осы әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптің түрлі салалары үшін өнім бірлігіне су бұрудың үлестік нормалары;

осы әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес тұрақты суармалау кезінде су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормалары;

осы әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес лиманды суару кезінде су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормалары;

осы әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес жайылымдарды суландыру кезінде малды суару үшін су тұтынудың үлестік нормалары;

5) болашақ бес жылдық кезеңге арналған ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың тізбесін қамтитын, су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі жоспар.

8. Нормаларды әзірлеу үшін теориялық және есептік-талдамалық әдістер пайдаланылады.

9. Өртке қарсы мұқтаждықтар үшін су қажеттіліктері нормаларды есептеу кезінде ескерілмейді.

2-параграф. Өнеркәсіптің әртүрлі салалары үшін су тұтынудың үлестік нормаларын есептеу

10. Су тұтынудың үлестік нормалары судың сапасы (ауыз су, техникалық) және сумен жабдықтау жүйелері (айналмалы, бірізді пайдаланылатын) ескере отырып, сатылар бойынша есептеледі:

1) әртүрлі технологиялық процестерге су шығысының жобалық нормативтері негізінде технологиялық және шаруашылық-ауыз су мұқтаждары, сондай-ақ қосалқы өндіріс қажеттілігі үшін су тұтыну көлемдері анықталады;

2) технологиялық мұқтаждықтар үшін су тұтынудың үлестік нормасы, қосалқы өндірістің су тұтынуының үлестік нормасы және шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына су тұтынудың үлестік нормасы есептеледі;

3) технологиялық мұқтаждықтарға арналған су тұтынудың үлестік нормасының, қосалқы мұқтаждықтарға арналған су тұтынудың үлестік нормасының және шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына арналған су тұтынудың үлестік нормасының жиынтығын құрайтын су тұтынудың жиынтық үлестік нормасы анықталады.

11. Технологиялық мұқтаждықтар үшін су тұтынудың үлестік нормаларын (бұдан әрі – технологиялық үлестік норма) анықтауға арналған негіз су шығысының жобалық нормативтері болып табылады.

Су шығысының жобалық нормативтері белгілі бір операцияны орындау кезінде өнім (орындалған жұмыс) бірлігін өндіруге арналған суға қажеттілікті анықтайды және негізгі өнім (жұмыс) бірлігіне кететін технологиялық қажетті судың мөлшерінен және судың нормаланатын шығыстарынан құралады.

Технологиялық мұқтаждықтарға арналған су шығысының жобалық нормативтері:

1) негізгі өндірістің технологиялық процесін қамтамасыз ететін жабдықтардың техникалық сипаттамаларына;

2) өндіріс процесіндегі судың рөліне (тасымалдаушы құрал ретінде жылуды беру немесе бұру үшін, технологиялық компонент ретінде өнімді жуып-шаю үшін);

3) өндірістік сумен жабдықтау схемаларына;

4) суды пайдалану шарттарына (жеткізілетін ластаушылардың қыздыру температурасы, химиялық құрамы, түрі мен мөлшері);

5) кәсіпорынның орналасқан жерінің климаттық жағдайларына сүйене отырып анықталады.

Өнімнің бір түрін шығару жүзеге асырылатын өндірісте су шығысының жобалық нормативтері мынадай формула бойынша анықталады:

$$H_{\text{tex.is}} = \frac{W_{\text{tex.i}} + W_{\text{tex.п.i}}}{Q_s}, \quad (1)$$

мұнда,

$H_{\text{tex.is}}$ – су шығысының жобалық нормативі;

$W_{\text{tex.i}}$ – уақыт бірлігінде технологиялық операцияны орындау үшін қажетті су көлемі;

$W_{\text{tex.п.i}}$ – уақыт бірлігінде технологиялық операцияны орындау кезіндегі нормаланатын шығыс көлемі;

Q_s – уақыт бірлігі ішінде өндірілген өнімнің (жұмыстың) көлемі.

Өнімнің бірнеше түрін шығару жүзеге асырылатын өндірісте су шығысының жобалық нормативтері мынадай формула бойынша анықталады:

$$H_{\text{tex.is}} = \frac{W_{\text{tex.i}} + W_{\text{tex.п.i}}}{Q} \cdot K_{is}, \quad (2)$$

мұнда,

$H_{\text{tex.is}}$ – су шығысының жобалық нормативі;

$W_{\text{tex.i}}$ – уақыт бірлігінде технологиялық операцияны орындау үшін қажетті су көлемі;

$W_{\text{tex.п.i}}$ – уақыт бірлігінде технологиялық операцияны орындау кезінде нормаланатын шығыс көлемі;

O_i – өндірілген немесе i операциясында өңдеуден өткен өнімнің (жұмыс) көлемі;

K_{is} – дайын өнімнің (жұмыстың) бірлігіне өндірілген немесе " i " операциясында өңдеуден өткен өнім шығысын көрсететін коэффициент.

Технологиялық үлестік норма нормаланатын су шығысын ескере отырып, негізгі өндіріс технологиясында көзделген судың тұтынылуын қамтиды.

Су тұтынудың технологиялық үлестік нормасы мынадай формула бойынша өнім дайындау технологиясына сүйене отырып, су шығысының жобалық нормативтері жиынтығын білдіреді:

$$H_{и.тех.с} = \sum_{i=1}^n H_{тех.ис} , \quad (3)$$

мұнда,

$H_{и.тех.ис}$ – су тұтынудың технологиялық үлестік нормасы;

$H_{тех.ис}$ – су шығысының жобалық нормативі;

n – негізгі өндіріс операциясының индексі.

Өнімнің бір түрін шығару жүзеге асырылатын өндірісте су пайдаланудың технологиялық үлестік нормасы өнімді (жұмыстың) дайындау процесінде және белгілі бір уақыт кезеңінде әрбір технологиялық цикл бойынша оны өндіру үшін қажет етілетін су көлемін осы кезеңде шығарылатын өнім (жұмыс) көлеміне бөлумен мынадай формула бойынша анықталады:

$$H_{и.тех.с} = \frac{\sum_{i=1}^n (W_{тех.і} + W_{тех.п.і})}{Q_s} , \quad (4)$$

мұнда,

$H_{и.тех.ис}$ – су тұтынудың технологиялық үлестік нормасы;

$W_{тех.і}$ – уақыт бірлігінде технологиялық циклді орындау үшін қажетті су көлемі;

$W_{тех.п.і}$ – уақыт бірлігінде технологиялық циклді орындау кезінде нормаланатын шығын көлемі;

Q_s – шығарылатын өнімнің (жұмыс) көлемі.

Бір шикізаттан жасалатын түрлі ассортименттегі біртекті өнімді шығарған кезде өнім (жұмыс) бірлігіне технологиялық норма мынадай формула бойынша әрбір технологиялық цикл бойынша өнімді жасау (жұмысты жүзеге асыру) үшін талап етілетін судың жалпы көлемін шикізат шығысына немесе өнім бірлігінің құнына пропорционалды бөліп тарату арқылы айқындалады:

$$H_{и.тех.с} = \frac{\sum_{i=1}^n (W_{тех.і} + W_{тех.п.і})}{D} \cdot D_s \quad (5)$$

мұнда,

$N_{и.тех.s}$ – су тұтынудың технологиялық үлестік нормасы;

$W_{тех.i}$ – уақыт бірлігіне технологиялық циклді орындау кезінде қажетті су көлемі;

$W_{тех.п.i}$ – уақыт бірлігіне технологиялық циклді орындау кезінде нормаланатын ысыраптың көлемі;

D_s – өнім (жұмыс) бірлігіне заттай немесе құн түрінде шикізаттың шығысы;

D – заттай немесе құн түрінде шикізаттың жалпы шығысы.

12. Қосалқы өндірістің суды тұтынуының үлестік нормасы үш кезеңге есептеледі.

Бірінші кезеңде негізгі өндірісте тұтынатын судың көлемін айқындау үшін орындалатын есептемелерге ұқсас негізгі өндіріске көрсетілетін қызмет бірлігіне қосалқы өндірістің су шығысының нормативі айқындалады және мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) технологиялық циклдер, агрегаттар, көрсетілетін қызмет түріне қосалқы өндіріс учаскелері бойынша су шығысы есебімен қажетті су көлемі айқындалады ;

2) мынадай:

$$W_{в.қ} = \sum_{f=1}^N (W_{в.fq} + W_{в.п.fq}) \quad (6)$$

формуласы бойынша көрсетілетін қызметтің түрін орындау үшін қажетті көлемнің жалпы көлемі есептеледі,

мұнда,

$W_{в.қ}$ – көрсетілетін қызмет түрін орындау үшін жалпы қажетті су көлемі;

$W_{в.fq}$ – уақыт бірлігіне қосалқы өндірістің технологиялық циклін орындау үшін қажетті су көлемі;

$W_{в.п.fq}$ – уақыт бірлігіне қосалқы өндірістің технологиялық циклін орындау кезінде нормаланатын ысыраптың көлемі;

f – қосалқы өндіріс операциясының индексі;

3) уақыт бірлігіне көрсетілетін қызметтің осы түрінің өндірісі үшін қажетті су көлемін мынадай формула бойынша сол кезеңдегі өндірілген қызметтер көлеміне бөлу арқылы көрсетілетін қызмет түрінің бірлігіне (мысалы: 1 гигакалорий буға 1000 текше метр тығыздалған ауа) су шығысының нормативі айқындалады:

$$B_{\text{в}} = \frac{W_{\text{в.к}}}{Q_{\text{к}}} = \frac{\sum_{f=1}^N (W_{\text{в.к}} + W_{\text{в.п.к}})}{Q_{\text{к}}} \quad (7)$$

мұнда,

$B_{\text{в}}$ – көрсетілетін қызмет түрінің бірлігіне су шығысының нормативі;

$W_{\text{в.к}}$ – көрсетілетін қызметтің белгілі бір түрін өндіру үшін қажетті су көлемі;

$Q_{\text{к}}$ – уақыт бірлігіне өндірілген қызметтер көлемі;

$W_{\text{в.п.к}}$ – уақыт бірлігіне қосалқы өндірістің технологиялық циклін орындау үшін қажетті су көлемі;

$W_{\text{в.п.к}}$ – уақыт бірлігіне қосалқы өндірістің технологиялық циклін орындау кезінде нормаланатын ысыраптың көлемі;

f – қосалқы өндіріс операциясының индексі.

Екінші кезеңде өнімнің өзіндік құнын есептеудің кәсіпорындарда қабылданған әдістеріне байланысты көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша негізгі өндірістің өнім бірлігіне қосалқы өндірістің су көлемін бөліп тарату шығысына пропорционалды жүзеге асырылады. Өнімнің бір түрін шығару жүзеге асырылатын өндірісте қосалқы өндіріс суының жалпы көлемі негізгі өнім өндірісіне толық жатады.

Өнімнің бірнеше түрін шығару жүзеге асырылатын өндірісте негізгі өнімнің бірлігіне қосалқы өндіріс суының көлемін бөліп тарату (көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша):

$$B_{\text{в.с}} = W_{\text{в.к}} \cdot F_{\text{қс}} \quad (8)$$

формуласы бойынша жүргізіледі,

мұнда,

$B_{\text{в.с}}$ – көрсетілетін қызмет түрінің бірлігіне су шығысының нормативі;

$W_{\text{в.к}}$ – көрсетілетін қызметтің белгілі бір түрін өндіру үшін қажетті су көлемі;

$F_{\text{қс}}$ – түрдің негізгі өнім бірлігіне заттай немесе құн түрінде q көрсетілетін қызметінің шығысы.

Үшінші кезеңде негізгі өндірістің өнім бірлігіне қосалқы және қосымша өндірістердің көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша судың шығысын мынадай формуласы бойынша жинақтау арқылы негізгі өнімнің бірлігіне қосалқы өндірістің суды тұтынуының үлестік нормасын айқындау жүзеге асырылады:

$$H_{н.в.с} = \sum_{q=1}^v B_{в.с} \quad (9)$$

мұнда,

$H_{н.в.с}$ – қосалқы өндірістің су тұтынуының үлестік нормасы;

$B_{в.с}$ – көрсетілетін қызмет түрінің бірлігіне су шығысының нормативі;

q – қосалқы өндірістің көрсетілетін қызметінің индексі.

Өнімнің бір түрін шығару жүзеге асырылатын өндірісте негізгі өнім бірлігіне қосалқы өндірістің су тұтынуының үлестік нормасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$H_{н.в.с} = \frac{\sum_{q=1}^v \sum_{f=1}^N (W_{в.фq} + W_{в.п.фq})}{Q_i} \quad (10)$$

мұнда,

$H_{н.в.с}$ – қосалқы өндірістің су тұтынуының үлестік нормасы;

$W_{в.фq}$ – уақыт бірлігіне қосалқы өндірістің технологиялық циклін орындау үшін қажетті су көлемі;

$W_{в.п.фq}$ – уақыт бірлігіне қосалқы өндірістің технологиялық циклін орындау кезінде нормаланатын ысыраптың көлемі;

Q_i – уақыт бірлігіне өндірілген қызметтердің көлемі;

q – қосалқы өндірістің көрсетілетін қызметінің индексі;

f – қосалқы өндіріс операциясының индексі.

13. Шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына су тұтынудың үлестік нормасы үш кезеңге есептелген.

Шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына су тұтыну нормасына ауыз суға, санитариялық, тұрмыстық және шаруашылық мұқтаждықтарына аумақ пен жас көшеттерді суару, тағамдар дайындау, кір жуу үшін судың, душқа түсетін орынның және негізгі өнімнің (жұмыстың) бірлігіне жатқызылғанның көлемі жатады.

Шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына су тұтынудың үлестік нормасын есептеудің негізі құрылыс нормалары мен қағидалары (бұдан әрі – ҚН және Қ) болады.

Шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына су шығысының бірінші кезеңінде суды пайдаланудың бағыттарына және оны тұтынуды есептеу қағидастарына байланысты мынадай топтар бойынша бөліп таратылады:

1) жұмыс істейтіндердің санына байланысты айқындалатын су шығысы (ауызсу және коммуналдық мұқтаждықтар, тағамдар дайындау, кір жуу, душ түсетін орындар, моншалар, бассейндер, санитариялық пункттер мен ауруханалар);

2) аумақтың суарылатын немесе өңделетін алқапқа байланысты су шығысы (аумақтар мен жас көшеттерді суару, үй-жайларды жинау, шаң басу).

Шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына суға қажеттілік мынадай формулаға сәйкес суды пайдалану бағыттарының топтары бойынша айқындалады:

$$W_{x,ч} = \sum_{j=1}^ч W_j, \quad W_{x,ф} = \sum_{j=1}^ф W_j \quad (11)$$

мұнда,

$W_{x,ч}$ – жұмыс істейтіндердің санына байланысты айқындалатын су көлемі;

W_j – бағыттар топтары бойынша шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтары суның көлемі;

$W_{x,ф}$ – аумақтың суарылатын немесе өңделетін алқапқа байланысты айқындалатын су көлемі;

j – шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су пайдалану бағытының индексі.

Екінші кезеңде суды пайдалану бағыттарының топтары бойынша негізгі өнімнің (жұмыстың) бірлігіне шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су шығысы есептеледі.

Суды пайдалану бағыттарының бірінші тобы бойынша шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су шығысы оны пайдаланудың көрсетілген бағыттары бойынша ҚН және Қ бойынша есептелген судың жиынтық көлемдерін екі әдіспен бөліп тарату арқылы айқындалады:

1) мынадай формула бойынша өнімнің еңбек сыйымдылығына пропорционалды:

$$B_{x,ч,с} = \frac{W_{x,ч}}{T} \cdot T_s, \quad (12)$$

мұнда,

$B_{x,ч,с}$ – жұмыс істейтіндердің санына байланысты шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су шығысы;

$W_{x,ч}$ – жұмыс істейтіндердің санына байланысты айқындалатын су көлемі;

T – шығарылатын өнімнің жалпы еңбек сыйымдылығы, адам/сағат;

T_s – шығарылатын өнім бірлігінің еңбек сыйымдылығы, адам/сағат;

$W_{x.ч.}/T$ шамасы 1 адамға сағатына су шығысын есептеу нормативін білдіреді;

2) өнімнің еңбек сыйымдылығын есепке алу болмаған кезде суды бөліп тарату жалақыға пропорционалды түрде мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$B_{x.ч.з} = \frac{W_{x.ч.}}{\Phi_{п.р}} \cdot Z_s, \quad (13)$$

мұнда,

$B_{x.ч.з}$ – жұмыс істейтіндердің санына байланысты шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су шығысы;

$W_{x.ч.}$ – жұмыс істейтіндердің санына байланысты айқындалатын су көлемі;

Z_s – өнім бірлігіне өндірістік жұмысшылардың негізгі жалақысы (өнім бірлігінің өзіндік құнын есептеудің негізінде);

$\Phi_{пр}$ – кәсіпорынның өндірістік жұмысшыларының негізгі жалақысы;

$W_{x.ч.}/\Phi_{пр}$ шамасы жалақының бір теңгесіне су шығысының нормативін білдіреді.

Суды пайдалану бағыттарының екінші тобы бойынша негізгі өнімнің бірлігіне шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су шығысы оны пайдаланудың көрсетілген бағыттары бойынша судың жиынтық көлемін ($W_{x.ф.}$) жалпы өнімнің құнына пропорционалды бөліп тарату арқылы айқындалады:

$$B_{x.ф.з} = \frac{W_{x.ф.}}{P} \cdot P_s \quad (14)$$

мұнда,

$B_{x.ф.з}$ – аумақтың суарылатын немесе өңделетін алқапқа байланысты шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су шығысы;

$W_{x.ф.}$ – аумақтың алқабы (алынатын немесе өңделетін) бойынша есептелетін суды пайдалану бағыттарының тобы бойынша шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына судың жиынтық көлемі;

P – кәсіпорынның көтерме бағаларындағы жаппай өнім;

P_s – өнім бірлігінің көтерме бағасы;

$W_{x.ч.}/T$ шамасы жаппай өнімнің бір теңгеге су шығысының нормативін білдіреді.

Үшінші кезеңде суды пайдалану бағыттары топтарының ($B_{x.ч.s}$ және $B_{x.fs}$) әрқайсысы бойынша өнім бірлігіне су шығысын жинақтау арқылы негізгі өндірістің өнім бірлігіне ($H_{и.х.s}$) шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су тұтынудың үлестік нормасы айқындалады:

$$H_{и.х.s} = B_{x.ч.s} + B_{x.fs} \quad (15)$$

мұнда,

$H_{и.х.s}$ – шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су тұтынудың үлестік нормасы;

$B_{x.ч.s}$ – жұмыс істейтіндердің санына байланысты шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су шығысы;

$B_{x.fs}$ – аумақтың суарылатын немесе өңделетін алқабына байланысты шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су шығысы.

Өнімнің бір түрін шығару жүзеге асырылатын өндірісте өнім бірлігіне шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су тұтынудың үлестік нормасы оны пайдалану бағыттарының топтары бойынша шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына қажетті су көлемін шығарылатын өнімнің көлеміне мынадай формула бойынша бөлу арқылы есептеледі:

$$H_{и.х.s} = \frac{W_{o.х.}}{Q_s} \quad (16)$$

мұнда,

$H_{и.х.s}$ – шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су тұтынудың үлестік нормасы;

$W_{o.х.}$ – суды пайдалану бағыттарының топтары бойынша шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су шығысы;

Q_s – шығарылатын өнімнің көлемі.

Аз тонналы өнімнің бірнеше түрін шығарған кезде негізгі өндіріс өнімінің бірлігіне шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су тұтынудың үлестік нормаларын есептеу үшін оңайлатылған әдісті пайдалануға жол беріледі, ол мынадай:

1) суды пайдаланудың барлық бағыттары бойынша шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына суға қажеттілік айқындалады;

2) негізгі өндіріс өнімі бірлігінің құнына пропорционалды шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су тұтынудың үлестік нормасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$H_{и.х.с} = \frac{W_{о.х.}}{P} \cdot P_s \quad (17)$$

мұнда,

$H_{и.х.с}$ – шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су тұтынудың үлестік нормасы;

$W_{о.х.}$ – суды пайдалану бағыттарының топтары бойынша шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су шығысы;

P – кәсіпорынның көтерме бағаларындағы жаппай өнім;

P_s – өнім бірлігінің көтерме бағасы;

$W_{о.х.}/P$ шамасы негізгі өндіріс өнімі бағасының бір теңгеге су шығысының нормативін білдіреді.

14. Сумен жабдықтаудың қолданылатын жүйелеріне (тіке ағынды, айналымды және қайталама-біркелкі) байланысты таза су тұтынудың үлестік нормасын есептеуге әдістемелік тәсіл әртүрлі болады.

Жекелеген операцияларда сумен жабдықтаудың түрлі жүйелерін пайдаланған кезде өнім бірлігіне таза су тұтынудың үлестік нормасы сумен жабдықтаудың әрбір жүйесі бойынша таза су тұтынудың үлестік нормаларын жинақтаумен айқындалады.

Сумен жабдықтаудың тіке ағынды жүйесі болған кезде технологиялық, қосалқы және қосымша, сондай-ақ шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтары үшін тұтынылатын бүкіл су көлемі таза сумен қамтамасыз етіледі.

Сумен жабдықтаудың тіке ағынды жүйесі болған кезде өнім бірлігіне таза су тұтынудың үлестік нормасы 1 және 17-формулалары бойынша айқындалады.

Сумен жабдықтаудың айналымды жүйесі болған кезде айналымды сумен жабдықтау жүйесіне берілетін және суды технологиялық, қосымша, қосалқы мұқтаждықтарға пайдаланған кезде оның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті және шығарылатын өнімнің бірлігіне жатқызылған таза судың қажетті үстеме көлемінің шамасын (

$W_{\text{тех}}^{\text{об}} + W_{\text{эл}}^{\text{об}}$
) білдіреді.

таза судың үстеме көлемі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$W_{\text{тех.сб}}^{\text{об}} + W_{\text{в.сб}}^{\text{об}} = W_{\text{бп}} + W_{\text{пи}} + W_{\text{пу}} + W_{\text{пф}} + W_{\text{пе}} + W_{\text{пр}} \quad (18)$$

мұнда,

$$W_{\text{тех.сб}}^{\text{об}} + W_{\text{в.сб}}^{\text{об}}$$

– таза судың үстеме көлемі;

$W_{\text{бп}}$ – қайтарымсыз тұтыну;

$W_{\text{пи}}$ – суды суытқан кезде оның булануындағы ысыраптар;

$W_{\text{пу}}$ – желдің әкетуі салдарынан болған су ысыраптары;

$W_{\text{пф}}$ – сүзілген суларға;

$W_{\text{пе}}$ – табиғи булануға және транспирацияға су ысыраптары;

$W_{\text{пр}}$ – айналымды жүйелерді үрлеуге су шығысы.

Жұмыс істейтіндердің санына байланысты айқындалатын топ бойынша шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына тек таза су ғана қолданылады. Аумақтың суарылатын немесе өңделетін ауданына байланысты есептелетін топ бойынша айналымды сумен жабдықтаудың жағдайларында таза су ішінара пайдаланылады, қажетті судың қалған бөлігі сумен жабдықтаудың айналымды жүйесінен судың есебінен орны толтырылады.

Айналымды сумен жабдықтаудың жағдайларында өнім бірлігіне таза су тұтынудың үлестік нормасы технологиялық, қосалқы және қосымша, сондай-ақ шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына таза су тұтынудың үлестік нормаларын мынадай формула бойынша жиынтығымен айқындалады:

$$H_{\text{н.тсб.с}}^{\text{зйн}} = H_{\text{н.тех.тсб.с}}^{\text{зйн}} + H_{\text{н.тсб}}^{\text{зйн}} + H_{\text{н.штсб.с}}^{\text{зйн}}, \quad (19)$$

мұнда,

$$H_{\text{н.тех.сб}}^{\text{зйн}}$$

– айналымды сумен жабдықтау жүйесінде таза су тұтынудың үлестік нормасы;

$$H_{\text{н.тех.тсб.с}}^{\text{зйн}}$$

– айналымды сумен жабдықтау жүйесінде технологиялық мұқтаждықтарға таза су тұтынудың үлестік нормасы;

$$H_{\text{н.тсб}}^{\text{зйн}}$$

– айналымды сумен жабдықтау жүйесінде қосалқы және қосымша мұқтаждықтарға таза су тұтынудың үлестік нормасы;

$N_{\text{м.т.ж.с.}}^{\text{ж.с.}}$

– айналымды сумен жабдықтау жүйесінде шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына таза су тұтынудың үлестік нормасы.

Айналымды су тұтынудың үлестік нормасы технологиялық операциялар бойынша айналымды су тұтынудың үлестік нормаларын жинақтаумен айқындалады және сумен жабдықтаудың тіке ағынды жүйесі кезінде су тұтынудың үлестік нормасы мен судың қайтарымсыз тұтынылуы мен ысырабының шамасы арасындағы айырмашылық ретінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$N_{\text{м.т.ж.с.}}^{\text{ж.с.}} = N_{\text{м.с.}}^{\text{тік}} - (B_{\text{п.с.}}^{\text{тік}} + \Pi_{\text{с.}}^{\text{тік}}). \quad (20)$$

мұнда,

$N_{\text{м.т.ж.с.}}^{\text{ж.с.}}$

– айналымды су тұтынудың үлестік нормасы;

$N_{\text{м.с.}}^{\text{тік}}$

– сумен жабдықтаудың тіке ағынды жүйесі кезінде су тұтынудың үлестік нормасы;

$B_{\text{п.с.}}^{\text{тік}}$

– сумен жабдықтаудың тіке ағынды жүйесі кезінде қайтарымсыз тұтынудың үлестік нормасы;

$\Pi_{\text{с.}}^{\text{тік}}$

– сумен жабдықтаудың тіке ағынды жүйесі кезінде су ысырабының үлестік нормасы.

Сумен жабдықтаудың қайталама-біркелкі жүйесі болған кезде таза су тұтынудың үлестік нормасы (

$N_{\text{м.т.ж.с.}}^{\text{р}}$

) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$N_{\text{м.т.ж.с.}}^{\text{р}} = N_{\text{м.т.ж.с.}}^{\text{тік}} - N_{\text{м.с.}}^{\text{р}} \quad (21)$$

мұнда,

$N_{н.таз.з}^p$

– сумен жабдықтаудың қайталама-біркелкі жүйесі болған кезде таза су тұтынудың үлестік нормасы;

$N_{н.таз.з}^{т.к.}$

– сумен жабдықтаудың тіке ағынды жүйесі кезінде өнім бірлігіне таза су тұтынудың үлестік нормасы;

$N_{н.з}^p$

– технологиялық процесс операциялары бойынша есептелетін және сумен жабдықтаудың қайталама-біркелкі жүйесін қолдану есебінен таза су тұтынудың үнемделуін білдіретін өнім бірлігіне қайталама-біркелкі пайдаланылатын су тұтынудың үлестік нормасы.

3-параграф. Өнеркәсіптің әртүрлі салалары үшін су бұрудың үлестік нормаларын есептеу

15. Өнім бірлігіне су бұрудың үлестік нормасы суды пайдалану бағытына және өндірістен бұрылатын ағынды сулардың ластануы дәрежесіне байланысты өнімді жасаудың агрегаттары, технологиялық циклдері бойынша есептеледі.

16. Су бұрудың үлестік нормасы таза су тұтынудың үлестік нормасында және оны пайдалану процесінде суды қайтарымсыз тұтыну мен ысырабының үлестік нормаларында мынадай формула бойынша айқындалады:

$$N_{н.з}^6 = N_{н.таз.з} - (B_{п.з} + \Pi_3) \quad (22)$$

мұнда,

$N_{н.з}^6$

– су бұрудың үлестік нормасы;

$N_{н.таз.з}$ – таза су тұтынудың үлестік нормасы;

$B_{п.з}$ – су дайын өнімнің құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылған жағдайда өнім бірлігінің өндірісінде суды қайтарымсыз тұтынудың үлестік нормасы;

Π_3 – өнім бірлігінің өндірісінде су ысырабының үлестік нормасы (булану, әкету, транспирация, сүзілген сулар). Су ысырабының шамасы жылу және су теңгерімдерінің формулалары бойынша айқындалады.

Суды қайтарымсыз тұтынудың үлестік нормалары тұтынылатын таза судың көлеміне қатысты пайыздармен белгіленуі мүмкін және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$H_{н.с}^c = H_{н.с.с} \left(1 - \frac{B_{н.с}^c + \Pi_s^c}{100} \right) \quad (23)$$

мұнда,

$H_{н.с}^c$

– су бұрудың үлестік нормасы;

$H_{н.таз.}$ – таза су тұтынудың үлестік нормасы;

$B_{п.с}$ – су дайын өнімнің құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылған жағдайда өнім бірлігінің өндірісінде суды қайтарымсыз тұтынудың үлестік нормасы;

Π_s – өнім бірлігінің өндірісінде су ысырабының үлестік нормасы.

Өндірісте суды қайтарымсыз тұтыну мен оның ысырабы технологиялық, қосалқы және қосымша, шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтары үшін айқындалады.

17. Өнім (жұмыс) бірлігіне су бұрудың үлестік нормасы технологиялық мұқтаждықтарға су бұрудың үлестік нормасының, қосалқы және қосымша өндірістерде су бұрудың үлестік нормасының және су шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтары үшін пайдаланылған кезде су бұрудың үлестік нормасының сомасын білдіреді:

$$H_{н.с}^6 = H_{н.тех.с}^6 + H_{н.}^6 + H_{н.ш.с}^6 = H_{н.тех.с} - (B_{п.тех.с} + \Pi_{тех.с}) + H_{н.} - (B_{п.} + \Pi_s) + H_{н.ш.с} - (B_{п.ш.с} + \Pi_{ш.с}), \quad (24)$$

мұнда,

$H_{н.с}^6$

– су бұрудың үлестік нормасы;

$H_{н.тех.с}^6$

– технологиялық мұқтаждықтарға су пайдаланылған кезде су бұрудың үлестік нормасы;

$H_{н.}^6$

– қосалқы және қосымша өндірістерде су бұрудың үлестік нормасы;

$N_{\text{с.с.}}^6$

– су шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтары үшін пайдаланылған кезде су бұрудың үлестік нормасы;

$B_{\text{п.тех}}$ – технологиялық мұқтаждықтарға пайдаланылатын суды қайтарымсыз тұтыну нормасы;

$B_{\text{п.қ.с.}}$ – қосалқы және қосымша өндірістерде пайдаланылатын суды қайтарымсыз тұтынудың үлестік нормасы;

$B_{\text{п.ш.с.}}$ – шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтары үшін пайдаланылатын суды қайтарымсыз тұтынудың үлестік нормасы;

$P_{\text{тех}}$ – технологиялық мұқтаждықтарға пайдаланылатын су ысырабының үлестік нормасы;

$P_{\text{қ.с.}}$ – қосалқы және қосымша өндірістерде пайдаланылатын су ысырабының үлестік нормасы;

$P_{\text{ш.с.}}$ – шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтары үшін пайдаланылатын су ысырабының үлестік нормасы.

Өндірістен тартылатын ағынды сулар ластану дәрежесіне қарай тазалауды қажет ететін және нормативтік-таза (тазалауды қажет етпейтін) ағынды суларға бөлінеді.

18. Өнім (жұмыс) бірлігіне су бұрудың үлестік нормасы өндірісте суды пайдалану бағыттары бойынша, ағынды сулардың ластануы дәрежесі бойынша су бұру нормаларының жиынтығын білдіреді және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$N_{\text{с.с.}}^6 = N_{\text{с.с.}}^7 + N_{\text{с.с.}}^{\text{нт}} = (N_{\text{п.тех.с.}}^7 + N_{\text{п.қ.с.}}^{\text{нт}} + N_{\text{п.ш.с.}}^7) + (N_{\text{п.тех.с.}}^{\text{нт}} + N_{\text{п.қ.с.}}^{\text{нт}}) \quad (25)$$

мұнда,

$N_{\text{с.с.}}^6$

– су бұрудың үлестік нормасы;

$N_{\text{с.с.}}^7$

– тазалауды қажет ететін ағынды суларды бұрудың үлестік нормасы;

$N_{\text{с.с.}}^{\text{нт}}$

– нормативтік-таза (тазалауды қажет етпейтін) ағынды суларды бұрудың үлестік нормасы;

$N_{\text{тех.т.}}$

– технологиялық мұқтаждықтарға пайдаланылған және тазалауды қажет етпейтін ағынды суларды бұрудың үлестік нормасы;

$N_{\text{тех.н.}}$

– технологиялық мұқтаждықтарға пайдаланылған нормативтік-таза (тазалауды қажет етпейтін) ағынды суларды бұрудың үлестік нормасы;

$N_{\text{қос.т.}}$

– қосалқы және қосымша өндірістерде тазалауды қажет ететін ағынды суларды бұрудың үлестік нормасы;

$N_{\text{қос.н.}}$

– қосалқы және қосымша өндірістерде нормативтік-таза (тазалауды қажет етпейтін) ағынды суларды бұрудың үлестік нормасы;

$N_{\text{ш.а.}}$

– шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына су пайдаланылған кезде пайда болатын және тазалауды қажет ететін ағынды суларды бұрудың үлестік нормасы.

19. Өнеркәсіптің өндіруші салаларында су бұрудың үлестік нормаларын айқындаған кезде пайдалы қазбалармен бірге өндірілген судың көлемі мынадай формула бойынша есепке алынады:

$$N_{\text{н.с.}}^6 = N_{\text{н.тех.с.}} - (B_{\text{п.с.}} + P_{\text{с.}}) + Ш_{\text{с.}} \quad (26)$$

мұнда,

$N_{\text{н.с.}}^6$

– су бұрудың үлестік нормасы;

$N_{\text{н.тех.с.}}$

– таза су тұтынудың үлестік нормасы;

$B_{\text{п.с.}}$ – суды қайтарымсыз тұтынудың үлестік нормасы;

$P_{\text{с.}}$ – су ысырабының үлестік нормасы;

$Ш_{\text{с.}}$ – пайдалы қазбалармен бірге өндірілген су көлемі.

4-параграф. Суармалау үшін су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу

20. Суармалау үшін су тұтынудың үлестік нормаларының (бұдан әрі – суландыру нормалары) шамалары минералдануы литрге 3 граммнан (бұдан әрі – г/л) аспайтындай жерасты сулары деңгейінің (бұдан әрі - ЖСД) орналасуының тереңдігі әртүрлі болған кезде сортаңданбаған және аз сортаңданған топырақтың жағдайларын көрсетеді.

Суландыру нормалары ағынның қамтамасыз етілуінің мынадай үш есептеу жылы бойынша есептеледі:

- 1) орташа – 50 % қамтамасыз етілген;
- 2) орташа құрғақ – 75 % қамтамасыз етілген;
- 3) құрғақ – 95 % қамтамасыз етілген.

21. Тұрақты түрде суармалаған кезде суландыру нормаларын айқындау мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

1) ылғалдылықтың табиғи және тиісті агроклиматтық аймақтарына (бұдан әрі – БІ_к) су шаруашылық бассейндердің, әкімшілік облыстар мен аудардардың байланысты болуымен шаруашылықтар-су пайдаланушылардың орналасқан жерлері нақтыланады. Шаруашылықтар-су пайдаланушылардың орналасқан жерлері нақтыланатын ылғалдылықтың табиғи және тиісті агроклиматтық аймақтары бойынша су шаруашылығы бассейндерінің, әкімшілік облыстардың және аудандардың орналасуы осы әдістемеге 6-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген;

2) шаруашылықтың ауыл шаруашылығы дақылдарының егісі мен оның топырақ-гидрогеологиялық облыстарының құрылымы бойынша әртүрлі қамтамасыз етудің жылдары мен әртүрлі топырақ-гидрогеологиялық облыстар үшін вегетациялық кезеңде ауыл шаруашылығы дақылдарының нетто суландыру нормаларының мәндері айқындалады. Қамтамасыз етілуі әртүрлі жылдар мен түрлі топырақтық-гидрогеологиялық облыстар үшін вегетациялық кезеңдегі ауыл шаруашылығы дақылдары неттосының суармалау нормаларының мәндері осы әдістемеге 6-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген;

3) суару жүргізудің жағдайлары мен тәсілдеріне байланысты нақты суармаланатын алқап үшін бруттоның суландыру нормалары мынадай формула бойынша айқындалады:

$$M_{\text{бр.нак.егістік}} = \frac{M_{\text{нт}}}{\eta_{\text{нак.егістік}}} \quad (27)$$

мұнда,

$M_{\text{бр.нақ.егістік}}$ – нақты алқап бруттосының суландыру нормасы;

$M_{\text{нт}}$ – суландыру нормасының таза салмағы;

нақ.егістік – нақты алқапта суды пайдалану коэффициенті.

Жер бетімен суару кезінде нақты алқапта суды пайдалану коэффициентінің мәні суару жүргізудің жағдайларын (суармаланатын учаскенің жоспарланғандығы, алқаптың бағыты, топырақ-жердің су өткізгіштігі, қолданылатын техникалық құралдар) есепке алады. Жер бетімен суару барысында суды пайдалану коэффициентінің мәндері осы әдістемеге 6-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

Жаңбырлатумен суармалау кезінде нақты алқапта суды пайдалану коэффициенттерінің мәндері топырақтың түрлі типтері мен жаңбырлату техникасына суды беру тәсілдері ескеріле отырып, республика ылғалдылығының агроклиматтық аймақтары бойынша белгіленеді. Жаңбырлатып суармалау кезінде суды пайдалану коэффициентінің мәндері осы әдістемеге 6-қосымшаның 4-кестесінде көрсетілген.

Тамшылап суармалау кезінде нақты алқапта суды пайдаланудың коэффициенті тамшылап суармалау технологиясына, суармаланатын дақылдардың түріне және топырақтың механикалық құрамына (жеңіл, орташа, ауыр) байланысты және 0,90 бастап 0,98 дейін өзгертіледі.

Бақтар мен жүзімдіктер неттосының суландыру нормасы тамшылап суару технологиясы кезінде топырақты жергілікті ылғалдандыру есебімен – осы әдістемеге 6-қосымшаның 5-кестесінде көрсетілген вегетациялық кезеңде ауыл шаруашылығы дақылдары неттосының суармалау нормасының мәндерінен 28 – 30 %-ға аз;

4) вегетацияаралық суарулар бруттосының суландыру нормалары айқындалады:

ылғал зарядты (жер жыртуалды) нормалар табиғи аймақтарға байланысты айқындалады;

сортаңданған шайылатын жерде шайылатын (профилактикалық) нормалар топырақ сортаңдануының түрі мен дәрежесі есебімен айқындалады.

Табиғи аймақтар бойынша ылғал зарядты (топырақты жырту алдындағы) суаруларының суармалау нормасының мәндері осы әдістемеге 6-қосымшаның 5-кестесінде көрсетілген. Тұздалған жуып-шайылатын жерді жуып-шаюдың (профилактикалық) суару бруттосының суландыру нормаларының мәндері осы әдістемеге 6-қосымшаның 6-кестесінде көрсетілген.

22. Күріш егілетін аймақтарда күріш бруттосының суландыру нормалары оның құрамдас элементтеріне (топырақтың қанықтылығына, сүзілгеніне,

булануына, транспирациясына, технологиялық ағызуларға) байланысты суару алабы бойынша айқындалады. Күріш өсірілетін негізгі аудандарда күріш үшін суару бруттосының суландыру нормаларының мәндері осы әдістемеге 6-қосымшаның 7-кестесінде көрсетілген.

23. Лиманды суармалау бруттосының суландыру нормалары табиғи аймақтарға, су шаруашылығы бассейндеріне, топырақ түрлеріне, ЖСД байланысты, табиғи шабындықтарға немесе егілген дақылдарға қатысты айқындалады. Табиғи аймақтар және су шаруашылығы бассейндері бойынша көлтабандап суарудың суару бруттосының суландыру нормаларының мәндері осы әдістемеге 6-қосымшаның 8-кестесінде көрсетілген.

24. Су бұрудың үлестік нормасы тұрақты және лиманды суармалау кезінде (дренаж жүйелері болған кезде) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$M_{\text{су бұру}} = M_{\text{бр.нак. егістік}} \eta_{\text{су бұру}}, \quad (28)$$

мұнда,

$M_{\text{су бұру}}$ – тұрақты және лиманды суармалау кезінде су бұрудың үлестік нормасы;

$\eta_{\text{су бұру}}$ – суару жүргізу жағдайларына (жақсы, орташа, жаман) және суару тәсіліне (үстіңгі бетін, жаңбырлатып, тамшылап) байланысты өзгеретін суармалы алқаптан су бұру коэффициенті. Суару түріне және тәсіліне байланысты суармалы алқаптан су бұру коэффициентінің мәні осы әдістемеге 6-қосымшаның 9-кестесінде көрсетілген.

5-параграф. Жайылымдарды суландыру кезінде малды суару үшін су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу

25. Жайылымдарды суландыруды ұйымдастыру кезінде берілетін су малды суару, персоналдың шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтары және мал шаруашылығы үй-жайларына қызмет көрсету үшін арналған.

26. Суару пункттеріне жүктеме жайылымдарды пайдалану ұзақтығына байланысты. Солтүстік өңір үшін ол жылы кезеңде 180 тәулікке (жазда 110 тәулік және күзде – 70 тәулік) және қысқы кезеңде – 185 тәулікке тең қабылданады. Оңтүстік өңір үшін малды ұстаудың жылы кезеңі 250 тәулікті (жазда 150 тәулікті және көктемде және күзде - 100 тәулікті) және қыстың суық кезеңінде - 115 тәулікті құрайды.

Оңтүстік өңірге солтүстік географиялық ендіктің 40,5-тен 48 градусқа дейін, солтүстік өңірге географиялық ендіктің 48-ден 53,5 градусқа дейін республиканың аумағы жатады.

27. Жайылымдарды суландыру кезіндегі малды суару үшін су тұтынудың үлестік нормасы барлық су тұтынушылар: мал шаруашылығында жұмыс істейтін адамдар, өнімдік және жұмыс малы, қолданылатын ауыл шаруашылығының жабдығы ескеріле отырып мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Q_{\text{ор.тәулік}} = \sum n_i \cdot q_i, \quad (29)$$

мұнда,

n_i – малдың i топтағы бас саны;

q_i – осы әдістемеге 6-қосымшаның 10-кестесіне сәйкес айқындалатын ауыл шаруашылығы малдарының орташа тәуліктік су тұтынуы.

28. Жайылымдарды суландыру кезінде малды суару үшін су бұрудың үлестік нормасы есептелмейді.

Су тұтынудың және су бұрудың
үлестік нормаларын әзірлеу
жөніндегі әдістемеге
1-қосымша

Өнеркәсіптің түрлі салалары үшін өнім бірлігіне су тұтынудың үлестік нормалары

Өнім нің түрі	Өнім д і өлше у бірлігі	Суме н жабд ықтау жүйесі	Су тұтынудың үлестік нормасы, өнім бірлігіне/текше метр											
			Технологиялық мұқтаждықтарға						Қосалқы және қосымша мұқтаждықтарға					
			Барл ығы	Оның ішінде су					Барл ығы	Оның ішінде				
				Таза су			айнал ымды	бірке лкі пайда ланыл атын		Таза су			айнал ымды	бірке лкі пайда ланыл атын
техни калық	ішуге жарай тын	жиын ы	техни калық	ішуге жарай тын	жиын ы									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

Кестенің жалғасы

Шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтарына						Барлығы	Оның ішінде су әркелкіліктер					Маусымдық тұтыну дың әркелкілік коэффициенті
Барлығы	Оның ішінде су						Таза су			айналымды	біркелкі пайдаланылатын	
	Таза су			айналымды	біркелкі пайдаланылатын							
	техникалық	ішуге жарайтын	жиыны									
16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28

Су тұтынудың және су бұрудың
үлестік нормаларын әзірлеу
жөніндегі әдістемеге
2-қосымша

Өнеркәсіптің түрлі салалары үшін өнім бірлігіне су бұрудың үлестік нормалары

Өнім нің түрі	Өнім ді өлше у бірлі гі	Ысыраптың үлестік нормалары, өнім бірлігіне/текше метр				Басқа тұтынушыларға берілген судың үлестік нормалары немесе қайтарымсыз судың үлестік нормалары, өнім бірлігіне/текше метр	Суды пайдаланудың бағыттары бойынша су бұрудың үлестік нормасы, өнім бірлігіне/текше метр									
		технологиялық мұқтаждықтар	қосалқы немесе қосымша өндірістің мұқтаждықтары				Шаруашылық тұрмыстық мұқтажы	барлығы	оның ішінде ағынды сулар							
			тазаландыру қажет ететін	нормативті таза	жиыны				тазаландыру қажет ететін	нормативті таза	жиыны	тазаландыру қажет ететін	нормативті таза			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17

Су тұтынуудың және су бұрудың
үлестік нормаларын әзірлеу
жөніндегі әдістемеге
3-қосымша

Тұрақты суармалау кезінде су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормалары

Ы _к , агроклима ттық аймақтард ың шифры	Көрсеткіш тер	Нетто суландыру нормасы, текше метр/ гектар	Суару тәсілдері		Су ысырабы, текше метр/гектар		Су тұтыну , текше метр/ гектар	Су бұру, текше метр/ гектар
			атауы	жалпы ауданнан %	суару кезінде	тасымалда у кезінде текше метр/ гектар		

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1. Су шаруашылығы бассейні								
1.1 Су шаруашылығы ауданы								
	Вегетациялық суару							
	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы және ауданы		Үстіңгі бетін					
			Жаңбырла тып					
			Тамшылап					
	Вегетацияаралық суару							
	Ылғал зарядтылар							
	Шаю							

Су тұтынудың және су бұрудың
үлестік нормаларын әзірлеу
жөніндегі әдістемеге
4-қосымша

Лиманды суару кезінде су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормалары

Ы _к , агроклима ттық аймақтард ың шифры	Лимандар түрлері	Лимандар дағы өсімдіктер	Лимандық суармалау нормалары, (нетто текше метр/ гектар		Су тұтыну (брутто, текше метр/ гектар)		Су бұру, текше метр/ гектар	
			ЖСД орналасуы					
			терең	жақын	терең	жақын	терең	жақын
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Су шаруашылығы бассейні								
Су шаруашылығы ауданы								
	Суы таяз	Табиғи шабындық тар						
		Егілген дақылдар						
	Суы терең	Табиғи шабындық тар						
		Егілген дақылдар						

Су тұтынудың және су бұрудың
үлестік нормаларын әзірлеу
жөніндегі әдістемеге
5-қосымша

Жайылымдарды суландыру кезінде малды суару үшін су тұтынудың үлестік нормалары

Ы _к , Қазақстан Республикасының өңірі	Жануарлар	Жылдың маусымдары бойынша су тұтынудың тәуліктік нормалары, (1 мал басына тәулікке/литр)		
		жазда	көктемде және күзде	қыста
1	2	3	4	5
Оңтүстік өңір	Жануарлар түрлері			
Солтүстік өңір	Жануарлар түрлері			

Су тұтынудың және су бұрудың
үлестік нормаларын әзірлеу
жөніндегі әдістемеге
6-қосымша

1-кесте

Ылғалдылықтың табиғи және тиісті агроклиматтық аймақтары бойынша су шаруашылығы бассейндерінің, әкімшілік облыстардың және аудандардың орналасуы

